

ӨОЖ 2:316.3

Д.М. Кокеева, А.А. Мустафаева, Е.К. Қасабекова*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: enlik78@gambler.ru

Жаһандану үдерістеріндегі діннің өзгеру сипаты (ислам діні негізінде)

Мақалада әлемдік жаһандану жағдайындағы діннің, оның ішінде ислам дінінің өзгеруі тарихи-философиялық тұрғыдан қарастырылады. Тарихи фактілерге тоқтала отырып, заманауи үрдістердің дінге әсері нәтижесінде пайда болған діни өзгерістер жан-жақты сарапталады.

Түйін сөздер: дін, ислам, жаһандану, догматика, діни-философиялық.

D.M. Kokeyeva, A.A. Mustafayeva, E.K. Kassabekova
**Change of religion in the context of globalization
(in the example of the islamic religion)**

This article explains change of religion, including Islam in historical and philosophical context. Also carefully analyzed the religious changes that have resulted from the influence of modern processes of religion.

Key words: Religion, Islam, globalization, dogmatic, religious and philosophical.

Д.М. Кокеева, А.А. Мустафаева, Е.К. Касабекова
**Особенность изменения религии в условиях глобализации
(на примере исламской религии)**

В статье рассматривается изменение религии, в том числе исламской религии в историко-философском аспекте. Также тщательно анализируются религиозные изменения, которые появились в результате влияния современных процессов на религию.

Ключевые слова: религия, ислам, глобализация, догматика, религиозно-философский.

Жаһанданған қоғамның жағдайындағы діннің өзгеруін талдауда екі жолға жүгінеміз. Алғашқы қадам оның догматикасының, рәсімдерінің, иерархиялық құрылымдардың өзгеруімен байланысты діннің дамуындағы ішкі логиканы зерттеуге қатысты болғандықтан жаһандану ислам, христиан секілді заманауи әлемдік дәстүрлі діндерде қактығыстың пайда болуына септігін тигізеді.

Екінші қадамда, жаһанданған қоғам құрылымындағы діннің рөлі мен орны анықталады. Аталмыш қадам тар конфессионалдық сипатқа ие. Дін қоғамда белгілі бір қызметті атқарушы әлеуметтік феномен ретінде қарастырылады. Авторлар діни модернизмге қатысты мәселелерге зерттеулер көп жүргізсе де, діни модернизмге қарамастан тұрақты түсіндірме қалыптаспады.

Діни модернизм конфессионалды көзқарас ретінде қарастырылғандықтан, қазіргі таңда исламдағы модернистік ағымдарға, католиктегі православияға, протестантизмдегі модернистік ағымдарға жан-жақты зерттеулер жүргізіліп жатыр. Интегративті түсінік «діни модернизм» тар көлемде қолданылады. Авторлар діннің жаһандануы туралы қорытындыларды жасай отырып, бірыңғай емес мағыналар мен түрлі екпіндерді ортаға салады. Осыған байланысты заманауи орыс зерттеушісі А.С. Ваторопин «діннің жаһандануы» және «діни жаһандану» түсінігін шектеу қажеттігін айтады. Діннің жаһандануында оның ішкі құрылымдарының өзгеруіне байланысты үрдістерін түсіну керек. Діни жаһандануға әлеуметтік жаһандануға қатысты әлеуметтік-діни үдерістер жатады. Діни жаһандану бұл – жаһан-

дану үрдісіндегі әлеуметтік және рухани-әлеуметтік жүйе ретінде діндер арасындағы өзара байланысты қалыптастыратын парадигмалық түсінік.

Исламды әлеуметтік-экономикалық, саяси доктрина ретінде қарасақ, исламның өзгеруі мен жаһандануы туралы айта аламыз. Ислам феноменінің дамушы қоғам өмірінің реалдарымен қақтығысуы исламның мынадай ішкі құрылымының өзгеруіне алып келді: сенушілердің өмір салтында, күнделікті тұрмыста қолданылатын заманауи ғылым мен техникасында, діни құлшылықтарының өзгеруінде, діни ғибадаттарды техникамен жабдықтандыруында, сенушілердің киімінде т.с.с. Алайда аталмыш өзгерістер исламның ішкі жаһандануында болғанымен оның әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени жағынан көрінбеді.

Ислам жаһандануындағы мүмкіндіктері туралы мәселелерге қатысты стереотиптер қатынастарының күрделенуіне қарамастан, ислам да басқа діндер сияқты ауыстырулар мен үлгілендіруден қашқан жоқ. Өзгеру мен жаһандану мәселесі ислам тарихында бүгінгі күнге дейін талқылану үстінде. Қазіргі кезде ислам тарихында діннің дамуына өзіндік үлестерін қосып отырған калам, мутазилизм, суфизм, мұсылмандық пәлсафа секілді ағымдар қанат жайған. Заманауи қазақстандық теолог М.У. Алсабековтың пікірі бойынша Исламдағы ауыстырулар мен жаһандану мәселесі ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басында қарастырыла бастағандығы жөнінде екі көзқарасты алға тартады.

Бір жағынан, ислам реформациясы жаңарған фундаменталистік діни реформашылдық сипатқа ие бола отырып, Мұхаммед пен алғашқы төрт халифтің ел басқарған тұсында исламның «алтын ғасырын» дәріптеуіне қайта оралу мұсылман халқының артта қалған әлеуметтік-экономикалық игеруді ұмыттырады.

Мұсылман дінтанушыларының пікірі бойынша материалдық байлыққа көзі байланған қоғамда әлеуметтік әділетсіздіктің кең етек алуы, исламның негізгі қағидаларының жырмалануына, адамдардың әдеп-құлықтан жұрдай болуына, қоғамның рухани тұрғыдан құлдырауына жетеледі. Мұсылман идеологиясы құран, сүннет, шарифатқа сүйене отырып, ислам құндылықтарын сақтау мақсатында заманауи өркениетті дамытуға қызығушылық танытты. Ислам

ортодоксиясын сақтау және күшейту реформацияның негізінде болды.

Екінші жағынан, мұсылман фәлсафасының дәстүрі мен мұсылман Ренессансының ойларына сүйене отырып, мұсылман идеологиясын жақтаушы реформаторшылдық топ пайда болды. Ислам құқықтық реформаларының дамуында діни-философиялық және ислам құқықтық нормаларындағы мұсылман құқықтарын өзгертуді жүзеге асырушы жаңа тарихи реалиге бейімдеушілік бағытталды. Шарифат заңдарындағы құзірет шектелуінің анықталуы және қылмыстық кодекстерге кіріспе, басқа құқықтық құжаттар ислам мемлекеттеріндегі құқықтық жүйені үлгілендіруге мүмкіндік берді. Ислам қаржылық құралды пайдалана отырып, қоғамның дамуы үшін банк жүйесі мен сауда ынтымақтастығына қатысты экономика саласында едәуір дамушылыққа бет алды.

Жоғарыда талқыланған мәселеге заманауи қазақстандық теолог М.У. Алсабеков батыстық отарлыққа қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалыста ислам мүлдем жаңа бағытты ұстанғаны жөнінде ерекше назар аударады. Осыған байланысты ислам ұлттық мәдениетке бейімделген кездегі арабтық ислам, ирандық ислам, түріктік ислам, түркілік ислам сынды исламның тарихи формалары жөнінде айта кетуге болады. Бүгінгі таңда зерттеушілердің арасында заманауи ислам мемлекеттері, соның ішінде Еуропада тұратын зиялы мұсылмандарды мысалға ала отырып, зияттылық ислам туралы пікірлерді ортаға салуда. Заманауи ислам зерттеушілеріне «еуропа исламы», яғни, Еуропа мемлекеттеріндегі мұсылман өкілдері туралы «еуропа исламы» деп көзқарастарын білдіру мүмкіндігіне ие болды. Ресейдің ислам зерттеушілері исламға бейімделген неодажидизм туралы айта бастаса, біздің зерттеушілер Орта Азиялық түркі халықтарының мәдениетіне бейімделген «түркі исламы», «ортаазиялық ислам», «ұлттық ислам», – деп атады.

Жаһандану үдерістері мұсылман санасын жаулап алды. Ислам әлемінде ұлт-азаттық қозғалыс болып табылатын мұсылмандық пікірмен қатар қоғамдық түсінік те дами бастады. Қоғам өміріне әйел затының қатысу мәселесі білім жүйесінің әртүрлі формаларында енгізіліп, өңделді. Сондай-ақ, мұсылман әлемінің экономикалық тұрғыда артта қалуы реформаторшылдықты ислам жағдайын қалыптастыруға, ғылы-

ми-техникалық революция жетістіктерін игеру міндеттерін шешуге алып келді. Ислам әлеміндегі жаһандану мен даму міндеттері ғылым, білімнің дамуы ғылыми-техникалық ілгерілеу жетістігін енгізу негізінде ұғынылды.

Ислам әлеміндегі жаһанданған үдерістер мұсылман дін ілімінің кейбір теоретикалық жақтары, идеологияға негізделген діни-философиялық қырлары мен діни сананың ауысуын қайта қарауды талап етеді.

Эпистемологиялық негіздермен «талаб әлім» – діни ілімді іздеу, «илм-марифат» – таным, «илм-әл истидләл» – ақыл арқылы тану, «акл-мин джихати ш-шафар» – игі ой-сана секілді мұсылман танымдық теориясы, ауысу және реформаторшылдық қатар жүрді. Иджтихад, иджма, истихсан, истислах, кыяс сынды реформаторшылдық әдістемелік негіздер мұсылман теологиясы мен фәлсафасында кездеседі. Иджтихад – мұсылман қауымындағы ірі ғалымдар, муджтахидтар, факихтар өздігінен шешім қабылдайтын әдістеме.

Иджтихад мұсылман әлеміне қатысты шешім қабылдай алатын әртүрлі халықаралық ислам ұйымдарының негіздерін құру болып табылады. Ынтымақтастық пен тыныштық қағидаттарында өз қызметін жүзеге асыруда халықаралық ислам ұйымдарын құруды белгілеу жеткілікті. Ислам конференциясы ұйымы 1969 ж. құрылған Ислам конференциясы ұйымына Қазақстан 1995 жылдан бері мүшелік етіп келе жатыр. Ислам конференциясы ұйымы жанында Ислам даму банкі, Ислам жаңалықтар агенттігі, ғылыми-техникалық ислам даму қоры, ислам мәдениетімен өнерін зерттеу орталығы, статистикалық, экономикалық және әлеуметтік зерттеу орталығы, ғылым, білім және мәдениет бойынша ислам ұйымдары сынды жеке ұйымдар қызмет атқаруда. Ислам конференциясы ұйымымен қатар халықаралық саяси аумақта Жалпы әлемдік Ислам Конгресі, Ислам әлемінің лигасы, Афро-Азиялық ислам ұйымы да қызмет етуде. Еуропа Ислам Кеңесі, Оңтүстік шығыс Азия және Тынық Мұхит елдеріндегі аймақтық ислам ұйымы.

Заманауи жаһандану жағдайында мемлекет пен дін арақатынасын қайта қарау керек. 1924 жылы Ататүрік зиялы мемлекетті құру мақсатында халифатты жойып, дінді мемлекеттен бөлуді жариялады. Ислам рухани және діни негізде рөл атқарып, өзінің әлеуметтік икемді-

лігі мен әлеуметтік-саяси және қоғамның ауыспалы экономикасына бейімделгіш мүмкіндігін көрсетті.

Ислам конференциясы ұйымы жарғысында төмендегі алғашқы үш қағида жазылды:

1. Мемлекет өкілдері арасындағы толықтай теңдік.

2. Мемлекеттің ішкі істеріне араласпау және өзін-өзі билеу құқығын құрметтеу.

3. Егемендікті, тәуелсіздікті және әр мемлекеттің аумақ бүтіндігін құрметтеу [1, 450-б.].

Аталмыш құжат жаһанданған пікірлермен ислам әлемінде мойындалып, мемлекеттік құрылымдарда халық еркіндігін таңдау құқығы мақұлданды.

Ислам өз жаһандануында бүкіл әлем секілді халықтың еркіндікті таңдау құқығын мақұлдай отырып, әмбебапты этика принциптерін жариялайды. Мысал ретінде, Ислам конференциясы ұйымына төмендегі құжаттардың енгендігін айта кетуге болады:

– 1981 ж. қабылданған адам құқығын қорғайтын жалпы Ислам Декларациясы;

– 1990 ж. қабылданған исламдағы адам құқығы бойынша Каир Декларациясы;

– 1994 ж. Ислам конференциясы ұйымы мүшелерінің халықаралық лаңкестікпен күресі туралы кодексі;

– 1996 ж. қабылданған Ислам конференциясының этикалық кодексі.

Ислам жаһандануында реформаторлық қозғалысты тоқтату жолдарын қарастырған мұсылман зерделілігі үлкен рөл атқарды. Ол тек «зияткерліктің» пайда болу мен «кітаптық» исламның дамуына септігін тигізіп қана қоймай, мұсылмандық фәлсапа дәстүрін дамытуға ықпал етті. Бірақ Құран ілімдерін негізге ала отырып, мұсылман философиялық ойларын дамытты әрі адамзатқа жоғарғы деңгейдегі діни-руханишылдықпен бірге гуманизмді де алып жүрді.

Ислам дін ғана емес, әлеуметтік доктрина, өмір салты. Ислам жарлығы әлеуметтік жағынан мәнді де мағыналы. Адам баласының күнделікті өмірдегі басшысы құран, сүннет, шарият болды. Ислам дінін үлкен ілтипатпен адамзат қабылдады. Ислам дәстүрі діни ұлттық-мәдени дәстүр ретінде теңестірілген этникалық-ұлттық рәмізге айналды. Бүгінгі күні ислам жаһандануы адамның әлеуметтік болмыстағы әлеуметтік әділеттілік жетістіктері, адамның тұлғалық

калыптасу үйлесімділігі жөніндегі мәселелерді көтереді [2, 40–54-б.].

Діншілдік әлеуметтік топтағы сана күйі жағдайын анықтайды. Діншілдіктің ерекше сипаты жоғары танымға сену болып табылады. Діншілдіктің деңгейі діннің қоғамға, әлеуметтік топқа және тұлғаға әсер еткенімен көрініс табады. Жалпы қоғам ретінде діншілдіктің деңгейін анықтау діни жағдайларға қатысты шынайы үдерістерді талдауға әрі діни және конфессияаралық үдерістердегі мықты бағыттарды табуға мүмкіндік береді [3]. Діншілдікті анықтауға қатысты мәселелер айтарлықтай күрделі. Заманауи дінтану ғылымында аталмыш мәселелермен Р. Уинтоу, А. Эйстер, М. Ингер, Д.М. Угринович, И.Н. Яблоков сынды танымал дінтанушы ғалымдарды атауға болады.

Ресей зерттеушісі Ж.Т. Тощенко орыс қоғамындағы діншілдіктің деңгейін анықтауда мынадай қорытындыға келді: «Діни ренессанс туралы өтініштерге қарамастан, халықтың басым бөлігі дінге бейімделгендіктен, діншілдіктің деңгейі аз өзгерді» [4, 303, 263–283-б.]. Ресейдің атакты зерттеушісі Л.Н. Митрохин дінге қызығушылықтың басты себебі конфессионалдық құндылықтардың тиімді болмауында емес, «өктемдіктен, зорлықшыл идеологиядан кету» өз руханилығы мен дүниетанымдық тәуелділігін сақтап қалуға тырысу екендігін тілге тиек етеді. Қатаң кеңестік жүйеден бас тарта отырып, адам тар мекенге түсуге асықпай, қандай ғибадат түрін қабылдауға дайындығын қабылдап өзін «сенушілер» қатарына қоса алуы керек дейді [5].

Әдебиеттер

- 1 Гура В.А. Сакральное и секулярное в судьбах европейской цивилизации. – СПб.: Издательство Политехнического Университета, 2005. – 182 с.
- 2 Синелина Ю.Ю. Секуляризации в социальной истории России. – М.: Academia, 2004. – С. 161.
- 3 Max Weber: On charisma and institution building. –Chicago: University of Chicago press, 1968. – P. 67-125.
- 4 Локосов В.В. Влияет ли религиозность на политическую консолидацию общества? // <http://enc.mail.ru> – с. 84.
- 5 Нельсон Л.Д. Секуляризация и социальная интеграция в сопоставительном аспекте //Социальные проблемы зарубежных стран. –1992. – №5. – С. 112.
- 6 From Max Weber: Essays in sociology. – New York: Oxford university press, 1946. – P. 307.
- 7 Wilson B.Religion in sociological perspective. –New York: Oxford University press, 1982. – P. 182.
- 8 Алсабеков М.У. Ислам: религиозные идеи и современность.– Алматы, 2007. – 67 с.
- 9 Гура В.А. Сакральное и секулярное в судьбах европейской цивилизации. – СПб.: Издательство Политехнического Университета, 2005. – 182 с.
- 10 Синелина Ю.Ю. Секуляризации в социальной истории России. – М.: Academia, 2004. – С. 161.
- 11 Gilkey L.Society and the sacred: Toward a theology of culture in decline. – New York: Crossroad, 1981. – P. 109 – 118.

References

- 1 Gura V.A. Sakralnoye i sekulyarnoye v sudbakh yevropeyskoy tsivilizatsii. – SPb.: Izdatelstvo Politekhnicheskogo Universiteta, 2005. – 182 s.
- 2 Sinelina Yu.Yu. Sekulyarizatsii v sotsialnoy istorii Rossii. – М.: Academia, 2004. – S. 161.
- 3 Max Weber: On charisma and institution building. –Chicago: University of Chicago press, 1968. – P. 67-125.
- 4 Lokosov V.V. Vliyayet li religioznost na politicheskuyu konsolidatsiyu obshchestva? // <http://enc.mail.ru> – s. 84.
- 5 Nelson L.D. Sekulyarizatsiya i sotsialnaya integratsiya v сопоставителном аспекте //Sotsialnyye problemy zarubezhnykh stran. –1992. – №5. – s. 112.
- 6 From Max Weber: Essays in sociology. – New York: Oxford university press, 1946. – P. 307.
- 7 Wilson B.Religion in sociological perspective. –New York: Oxford University press, 1982. – P. 182.
- 8 Alsabekov M.U. Islam: religioznyye idei i sovremennost.– Almaty, 2007. – 67 s.
- 9 Gura V.A. Sakralnoye i sekulyarnoye v sudbakh yevropeyskoy tsivilizatsii. – SPb.: Izdatelstvo Politekhnicheskogo Universiteta, 2005. – 182 s.
- 10 Sinelina Yu.Yu. Sekulyarizatsii v sotsialnoy istorii Rossii. – М.: Academia, 2004. – S. 161.
- 11 Gilkey L.Society and the sacred: Toward a theology of culture in decline. – New York: Crossroad, 1981. – P. 109 – 118.